

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Ауыр -жеңіл ұғымы.

ЖАРИЯЛАНДЫ 12.05.2022	ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/120440/
---------------------------------	--	---

Толеуканова Гулжанат Турлановна, тәрбиеші.

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

№51 «Жарқын бала» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: Ауыр -жеңіл ұғымы.

Мақсаты: Заттардың самағы бойынша ауыр- жеңіл екендігін анықтайды.

Заттың салмағы оның өлшемінің айырмашылығын ажыратады. Заттардың қалай өлшенетінін біледі.

Керекті құралдар: Тастар, су, жапырақтар, үлестірмелі қағаздар,өлшеуші құралдар.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, көрсету, сұрақ — жауап, салыстыру, тәжірибе жасау.

Сабақ барысы:

Амандасады. Психологиялық дайындық.

Т: Балалар қыздар (1-10) тура ербалдар (10-9) кері санайды.

Б: (балалар жауабы)

Т: Балалар мен жолда келе жатып 1 дорба тауып алдым. Өзі ауыр. Бірақ ішінде не бар екенін білмедім. Ішінде не бар екенін бәріміз бірге білетін боламыз.

Б: Балалар дорбадағы заттарды ұстап көріп қандай ерекшеліктер мен айырмашылықтарын айтады. (ауыр –жеңіл заттарды атайды.)

Т: Ендеше бүгінгі оқу қызметінің тақырыбы «Ауыр және жеңіл». Қолдарына тас және қауырсын суреті бар карточка беріледі. Сол бойынша топқа бөлінеміз.

1-топ Қауырсын

2- топ Тас

Т: Балалар бізді қоршаған ортамызда көптеген заттар бар. Олардың салмақтары әртүрлі болып келеді. Ауыр және жеңіл болады. Ауыр және жеңіл ұғымына бірнеше мысалдар келтірген. Тақтадағы суреттер бойынша түсіндіру.

Педагогика жетекшілігімен ойын:

Т: Балалар заттардың салмағын анықтау үшін тәжірибе жасайық.

- топ: тас пен жапырақты суға салып тәжірибе жасайды
- топ: бүтін мен бөліктерді таразыға өлшеу арқылы салыстыру.

Тәжірибе жұмысының қорытындысы:

1-топ Тас суға бірден батып кетті себебі салмағы ауыр, ал жапырақ судың бетінде тұрды ,себебі самағы жеңіл.

2-топ: Таразының оң жағына бүтін алма, сол жағына жарты алмұрт салынады. Бүтін алманың салмағы ауыр, төмен тұрады. Жарты алмұрттың салмағы жеңіл болғандықтан көтеріліп тұрады.

Т:Балалар заттардың салмағын қалай, немен анықтауға болады?

Б: Таразы арқылы өлшеп білеміз.

Т: Дұрыс , таразыға өлшеу құралдарын пайдаланып заттардың салмақтарын анықтаймыз. Мысалы алманы өлшесек ,таразының тілі 2 де тұрса ,онда 2кг болғаны.

Құрылымдалған ойын:

Т: таразыға байланысты тапсырма орындаймыз.

1-топ Артық ,кем, тең ұғымдарына байлынысты заттарды санмен сәйкестендіру.

2-тор балықты аулап,балық салмағын өлшеуші құралдармен сәйкестердәру.

Б: 8 кг балык +8 саны

4кг балық + 4 саны т.б

Т. Тапсырмаларды жақсы орындадыңдар. Бүгінгі тақырыбымызды қорытындылау

мақсатында бейне тапсырмаға назар аударайық.

Б: Ауыр	Жеңіл
Асқабақ	баклажан
Шапка	жапырақ
Үтік	қарандаш
Суы бар шелек	кошалек
Аквариум	ойыншық

Т: Балалар жарайсындар. Бүгінгі оқу қызметінде тапсырмалар ,тәжірибелік жұмыстар, ойындар ойнадық. Қандай тапсырмалар ұнады?

Б: (балалар жауабы)

Т: Балалар бүгінгі оқу қызметі ұнаса, түсінсек 3 рет шапалақтаймыз.

Сабақ аяқталды.

Сау болыңыздар

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.